

1-ҚОСЫМША. ЕСЕПТІЛІК ШЕКАРАЛАРЫ, ӨЗГЕРІСТЕР, ЕСКЕРТПЕЛЕР


102-45, 102-46, 102-48, 102-49

Есептілік шекаралары

Есептің шекаралары дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ҚМГ-нің еншілес және тәуелді ұйымдарын, сондай-ақ ҚМГ қызметін бақылауға құқылы мынадай заңды тұлғаларды қамтиды.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген заңды тұлғалардың тізбесіне мынадай ұйымдар кіреді: «КМГ» Барлау Өндіру» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «АМӨЗ» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС, «КМГО» ЖШС, «КМТ» ЖШС, «КМГС» ЖШС, «Cooperative KMG PKI U. A.», KMG International N. V., «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ЖШС, «KMG Drilling & Services» ЖШС.

«ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша менеджмент жүйесі» және «Жұмыс орнындағы қауіпсіздік» бөлімдерінің шекаралары: ҚМГ-нің 50% және одан да көп қатысу үлесі бар ЕТҰ және БК. ҚМГ <50% қатысу үлесі бар мердігерлік ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындар есептілік шекараларына енгізілмеген (49% қатысу үлесі бар «ТеңізСервис» ЖШС қоспағанда). Қосымша, есептілік шекарасына штаттағы қызметкерлерден басқа компанияның аутсорсинг және аутстаффинг қызметкерлері енгізілген.

«Энергетикалық ресурстарды пайдалану және энергия тиімділігін арттыру», «Энергия ресурстарын тұтыну», «Энергия тұтынуды қысқарту», «Энергия сыйымдылығы» бөлімінің шекаралары 14 ЕТҰ құрайды, олар – топтың энергия сыйымдылығын барынша толық көлемде көрсететін мына кәсіпорындар:

«Мұнай және газ өндіру» – «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС. «Мұнай және газ көлігі» – «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС, «ҚазТрансГаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ. «Мұнай және газ өңдеу» – «АМӨЗ» ЖШС, «ПМХЗ»

ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «CASPI BITUM» БК» ЖШС.

«Су ресурстарын пайдалану» бөлімінің шекаралары: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ, «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «CASPI BITUM» БК» ЖШС, «Жамбыл Петролеум» ЖШС, «ӨзенМұнайСервис» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Oil Services Company» ЖШС.

«Климаттың өзгеруі және атмосфералық ауаның сапасы» бөлімінің шекаралары ҚМГ-нің мынадай еншілес және тәуелді ұйымдарын қамтиды: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «ҚазТрансГаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ПМХЗ» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «CASPI BITUM» БК» ЖШС және мұнай сервистік ұйымдары.

«Шики газды тиімді пайдалану» бөлімінің шекаралары дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ҚМГ-нің мынадай еншілес және тәуелді ұйымдарын, сондай-ақ ҚМГ қызметін бақылауға құқылы мынадай заңды тұлғаларды қамтиды: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ.

«Қалдықтарды басқару» бөлімінің шекаралары: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ,

«Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «Өрихтау Оперейтинг» ЖШС, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы, «ПМХЗ» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «CASPI BITUM» БК» ЖШС, «Жамбыл Петролеум» ЖШС, «ӨзенМұнайСервис» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Oil Services Company» ЖШС.

«Парниктік газдар шығарындылары» бөлімінің шекаралары ҚМГ-нің мынадай еншілес және тәуелді ұйымдарын қамтиды: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «ҚазТрансГаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ПМХЗ» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «CASPI BITUM» БК» ЖШС, KMG-International (Rompetrol, Petromidia, Vega), «Батуми мұнай терминалы» және мұнай сервистік ұйымдар.

«Талаптарға сәйкестік» бөлімінің шекаралары: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ, «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «CASPI BITUM» БК» ЖШС, «Жамбыл Петролеум» ЖШС және т.б. мұнай сервистік ұйымдар.

«Қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындар» бөлімінің есептік шекаралары: «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Қазақ ГӨЗ» ЖШС, «ӨзенМұнайСервис» ЖШС, «Урал Ойл энд Газ» ЖШС, «Тұлпар Мұнайсервис» ЖШС,

«Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ, «ҚазМұнайТеңіз» ТМК АҚ, «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС, «Oil компаниясы» ЖШС, «Сәтпаев Оперейтинг» ЖШС, «Өріктау Оперейтинг» ЖШС, «KMG Systems & Services» ЖШС, «Атырау МӨЗ» ЖШС, «Павлодар МХЗ» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «CASPI BITUM» БК» ЖШС.

«Біздің қызметкерлер» бөлімінде қызметкерлердің нақты саны бойынша деректер дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) пайыздарына қарамастан, қызметіне ҚМГ елеулі әсер ететін барлық еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдар бойынша ұсынылған.

«Персоналды дамыту» бөлімінің шекаралары: 49% қатысу үлесі бар «ТеңізСервис» ЖШС және 49,7% қатысу үлесі бар «ПКОП» ЖШС қоспағанда, ҚМГ-нің 50% және одан астам қатысу үлесі бар еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдар.

«Тең мүмкіндіктер» бөлімінің шекаралары: ҚМГ-нің 49% қатысу үлесі бар «ТеңізСервис» ЖШС, 49.7% қатысу үлесі бар «ПКОП» ЖШС және 40% қатысу үлесі Caspi Meruerty Operaiting Company B.V қоспағанда, ҚМГ-нің 50% және одан да көп қатысу үлесі бар еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдар.

«Біздің қауымдастықтарымыз» бөлімінің шекаралары: 49% қатысу үлесі бар «ТеңізСервис» ЖШС қоспағанда, ҚМГ-нің 50% және одан көп қатысу үлесі бар еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдар.

«Адам құқықтары» бөлімінің шекаралары: 49,7% қатысу үлесі бар «ПКОП» ЖШС қоспағанда, ҚМГ-нің 50% және одан көп қатысу үлесі бар еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдар.

Деректерді жинау, шоғырландыру және есептеу әдіснамасын толықтырулар, әдіснама болжамдары және сипаттамасы

Есеп мәтінінде деректер есептік көрсеткіштердің дөңгелектелуіне байланысты шоғырландырылған қаржылық есептілікте (ШҚЕ) ұсынылған деректерден елеусіз ерекшеленуі мүмкін. Мұндай жағдайларда ҚМГ интернет-сайтында орналастырылған тиісті ҚТК деректері дұрыс және маңызды болмақ. Есептеу әдістемелерінің және есептегі ақпараттың ашылу тәсілдерінің әртүрлі болуына байланысты келтірілген деректер бұрын жарияланғандардан елеусіз ерекшеленуі мүмкін.

Есеп мәтінінде мынадай бизнес-бағыттар енгізілген: «Өндіру» (Upstream) – мұнай мен газды барлаумен және өндірумен айналысатын ҚМГ ЕТҰ; «Тасымалдау» (Midstream) – мұнай мен газды тасымалдаумен айналысатын ҚМГ ЕТҰ; «Өңдеу» (Downstream) – мұнай өңдеумен айналысатын ҚМГ ЕТҰ.

«Экологиялық жауапкершілік және жұмыс орнындағы қауіпсіздік» тарауында көрсеткіштерді жинау, шоғырландыру және есептеу әдістемесі

Тарауда әртүрлі параметрлер бойынша IOGP – Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы бенчмаркілері келтірілген. ҚМГ 2018 жылдан бері осы қауымдастықтың мүшесі болып табылады. Жыл сайын аталған Қауымдастық әлемнің мұнай-газ саласының барлық ірі ойыншыларының мәліметтеріне негізделген ЕҚОҚ жөніндегі есебін жариялайды. Осылайша, ҚМГ осы немесе өзге аспектінің қандай жағдайда екенін түсіну үшін ЕҚОҚ саласы бойынша орташа мәндерді алады. Бұл есепте IOGP Report 2017s –

Safety performance indicators – 2018 data және Environmental performance indicators – 2017 data есептерінің бенчмарктері қолданылған: <https://www.iogp.org>

ҚМГ-да қазіргі уақытта GRI 403: Occupational Health and Safety 2016» талаптарына сәйкес жұмыс орнында болмау коэффициенттері (absentee rate & lost day rate) бойынша деректерді есепке алу және есептеу жүргізілмейді.

«ҚМГ компаниялар тобы бойынша түйінді көрсеткіштер» бөлімінде көрсеткіштерді жинау, шоғырландыру және есептеу әдіснамасы

Қорлар бойынша деректер үшін әрбір активке базалық коэффициент орташа айқындалған. Әрбір кен орнының өз коэффициенті бар (КС тығыздығы арқылы), ал актив үшін және жалпы ҚМГ үшін орташаланған коэффициентті аламыз.

Мұнай және газ өндіру жөніндегі деректер ҚМГ өндірістік процестерді басқаруға тікелей қатысатын операциялық активтерді, сондай-ақ ҚМГ қатысу үлесі бар, бірақ өндірістік процеске тартылмаған мегажобалар ескеріле отырып ұсынылған.

«Су ізі» бөлімінде көрсеткіштерді жинау, шоғырландыру және есептеу әдістемесі

Су жинауды, су тұтынуды және су бұруды талдау IOGP және IPIECA есептілік талаптарына сәйкес жүргізіледі. Осы талаптардың негізінде ЕТҰ-дан экологиялық ақпарат беру нысандары әзірленді. Сандық ақпараттан басқа кен орындары мен мұнай өңдеу зауыттарында су ресурстарын пайдаланудың өлшеу әдістері, есептеу аспаптары және технологиялық ерекшеліктері туралы мәліметтер де ескеріледі.

ПМХ3 қалалық ЖЭО-дан бу сатып алады. ЖЭО-да конденсатты қайтару шамамен 30% құрайды, қайтарылатын конденсатты есепке алу есептеу аспаптары бойынша жүргізіледі. Қалған конденсат 2016 жылдан бастап ПМХ3 су жинағышының бөлігі ретінде есептеу әдісімен есепке алынады. Демек, АМӨЗ және ПҚОП үшін табиғи көздерден тікелей су алу, ал ПМХ3 үшін – қалалық сумен жабдықтау жүйелерінен су алу және оған қоса конденсатты

және химиялық тазартылған судың қайтымсыздығы түрінде қалалық ЖЭО арқылы Ертіс өзенінен жанама су алу болып саналады.

ҚазТрансОйл компаниясы Қазақстанның құрғақшылық Атырау және Маңғыстау облыстарының пайдаланушыларына Астрахань – Маңғышлақ суағары бойынша Еділ суын беруді жүзеге асырады. Алынған судың 90% астамы басқа су пайдаланушыларға пайдаланылмай береді. Демек, физикалық көрініске сәйкес келетін компаниялардың барлық тобы бойынша су алудың жиынтық мәнін алу үшін ҚМГ басқа компанияларына ҚТО берген су ескерілмеу қажет. Сондай-ақ, осы себептен Компаниялар тобы бойынша нақты су алу сомасы бизнес-бағыттар бойынша су алу көлемдерінің сомасына тең болмайды.

«Су ізі» бөліміне толықтырулар

Каспий теңізі және жалпы ұзындығы 4 254 км болатын Ертіс өзені Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 қаңтардағы қаулысымен бекітілген Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің тізбесіне кіреді. Ұзындығы 2 428 км Орал өзені бұл тізбеге кірмейді, алайда 2016 жылғы қазанда Астана қаласында (қазіргі – Нұр-Сұлтан) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау жөніндегі келісімге қол қойылды, ол өз кезегінде Халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар туралы 1971 жылғы 2 ақпандағы конвенцияға және Халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі 1992 жылғы 17 наурыздағы конвенцияға негізделеді. 5 000 га су айналарының алаңы бар және Көшім өзені бойынша Пятимар ауылдық округінің аумағында орналасқан Пятимар су қоймасы жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесіне енгізілді (Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 16 маусымдағы №176 Қаулысы).

ҚМГ сондай-ақ Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданында орналасқан мұнай-газ конденсаты кен орны – «Өріктау» кен орнында да көмірсүтегі шикізатын барлау мен өндіруді жүргізеді. Кен орнының көп бөлігі тұщы су қорларымен белгілі Көкжиде құмында орналасқан. Көкжиде құмдары – қорлары бойынша Батыс Қазақстандағы жер асты суларының ірі кен орны және ауыз су сапасы бойынша бірегей болып табылады. Аумақта Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген өсімдіктердің сирек, эндемиялық түрлері де кездеседі, мысалы: Комаров жоңышқасы – *Medicago komarovii* – сирек, эндемиялық түрі, ареалы қысқарып келеді; Талиев гүлкекіресі – *Centaurea talievii* – сирек түрі, ареалы қысқарып келеді; Шренк қызғалдағы – *Tulira Schrekii* Regel – ареалы қысқарып келеді. Көкжиде жер асты сулары республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерінің тізбесіне кіреді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 қарашадағы №1212 Қаулысы) және болашақта халықты ауыз сумен қамтамасыз етуде әлеуеті зор.

«Бұрғылау қалдықтарының пайда болуы» бөліміне толықтырулар

ҚМГ-да бұрғылауды мердігерлік ұйымдар ғана және «толық дайын» қағидаты бойынша жүзеге асырады – бұл барлық түзілетін бұрғылау қалдықтары бастапқыда бұрғылау жөніндегі мердігерлерге тиесілі екенін, олар қалдықтарды кәдеге жарату/өңдеу

жөніндегі мамандандырылған компаниялармен өздері шарт жасасатынын білдіреді. Бұрғылау қалдықтарымен одан әрі жұмыс істеу ҚР экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

«Биоалуантүрлілікті сақтау және экологиялық мониторинг» бөліміне толықтырулар

ҚМГ қоршаған ортаны қорғау саласындағы ҚР заңнамалық талаптарына сәйкес ҚОӘБ жүргізу шеңберінде әсерді болжау және биоәртүрлілікке әсер ету деңгейін бағалау саласында қажетті зерттеулер жүргізеді. Осы зерттеулер, сондай-ақ экологиялық мониторинг бағдарламаларын орындау компанияға қауіп-қатерлерді сәйкестендіруге және

биоәртүрлілікті сақтау немесе экожүйеге теріс әсерді жеңілдету шаралары бойынша уақытылы шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Біздің компания қызметінің қатысу аймақтарындағы биоалуантүрлілікке әсері туралы ақпарат ҚОӘБ жобаларында сілтеме бойынша толығырақ ашылады http://kmg.kz/rus/ustoichivoe_razvitie/environment/.

«Энергия ресурстарын тұтыну» бөлімінде көрсеткіштерді жинау, шоғырландыру және есептеу әдістемесі

Электр және жылу энергиясын өндіру және тұтыну көрсеткіштері сатып алынатын электр және жылу энергиясын тұтынуды есептеуге арналған коммерциялық есепке алу аспаптарынан алынған деректерді қоса алғанда, энергияны (шығысты) есепке алу аспаптарынан алынған деректер негізінде ай сайынғы негізде ұсынылады. Есептеу аспаптары болмаған жағдайда көрсеткіштер нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес есептеу әдісімен айқындалады. Отын-энергетикалық ресурстардың

қалған түрлері бойынша есептілік отынның мынадай түрлерін тұтынудың нақты деректері бойынша ұсынылады: табиғи газ, мұнай, ІГ, отын газы, отындық мазут, бензин және дизель отыны. Энергетикалық ресурстарды тұтыну жөніндегі деректерді шартты отын тоннасына ауыстыру үшін Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес ұлттық коэффициенттер пайдаланылады.

«Біздің қызметкерлер» бөлімінде көрсеткіштерді жинау, шоғырландыру және есептеу әдістемесі

GRI 102-8

Қызметкерлердің тұрақтамау коэффициенті $K_t = A / B \times 100\%$ формуласына сәйкес есептеледі, мұнда А – өз бастамасы бойынша, тараптардың келісімі бойынша және қызметкердің кінәсінен жұмыстан босатылған қызметкерлердің есепті кезеңнің соңындағы саны; В – кезең ішіндегі орташа тізімдік саны.

Есеп мәтінінде компания қызметкерлерінің нақты саны көрсетілген, бұрын Есептерде штат саны берілетін. Қызметкерлердің саны бойынша деректер ЕТҰ тоқсан сайынғы негізде толтыратын жалпы мемлекеттік статистикалық нысандар негізінде шоғырландырылады.

d) «Бала күтімі бойынша демалыс аяқталғаннан кейін жұмысқа қайтып келген және жұмысқа қайтып келгеннен кейін 12 ай ішінде компанияда қалған қызметкерлердің жалпы саны, жынысы бойынша бөліністе» (401-3 көрсеткіші) тармақшасы бойынша ақпарат ішінара жиналады; е) «Бала күтімі бойынша демалысқа кеткен қызметкерлерді жұмысқа қайтару және ұстап қалу коэффициенттері, жынысы бойынша бөліністе» (401-3 көрсеткіші) тармақшасы бойынша ақпарат есептелмейді, өйткені екі тармақша да елеулі тақырыптарға жатпайды.